6.7. МҚҰ кепіл құқығы мүлік кепілі туралы шарт негізінде туындайды және Қарыз алушы міндеттемелерді бұзған жағдайда МҚҰ кепілге салынған мүлік құнынан талаптарды қанағаттандыру құқығын береді. МҚҰ жасасатын мүлік кепілі туралы шарттарда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген міндетті талаптардан өзге, Қарыз алушының міндеттемелері бұзылған жағдайда Кепіл ұстаушының кепіл нысанасын соттан тыс өткізуге құқығы, оны пайдалануға жол берілетіндігі, тараптардың қайсысында кепілге салынған мүлік бар екендігі көрсетілуге тиіс.

6.8. Кепілгер МҚҰ қарастыруы бойынша бір немесе келесі бірнеше талаптарға бірден сәйкес болуы тиіс, атап айтқанда келесілер болуы керек:

- 18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтығына ие тұлға;
- Қазақстан Республикасынан шығуы уақытша шектелген тұлғалар (борышкерлер) тізімінде тұрмаған тұлға.
- соттылығы жоқ тұлғалар;
- өзіне қатысты берешекті өндіріп алу туралы қозғалған атқарушылық іс жүргізу болмаған тұлға;
- МҚҰ ол тұлғаға қатысты теріс ақпарат жоқ тұлға,
- тұрақты қаржылық жағдайы бар тұлға;
- кредиттік бюролардың деректеріне сәйкес міндеттемелер бойынша ағымдағы мерзімі өткен берешегі жоқ тұлға;

6.9. Егер өтініш беруші ұсынған Кепілгер(-лер) (кепілгерлердің бірі) МҚҰ белгілеген талаптарға сәйкес келмесе не егер Кепілгерлер (кепілгерлердің бірі) кепілдік шартын жасасу үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаса, МҚҰ кепілдік шартын жасасудан бас тартуға құқылы.

7. МҚҰ және Қарыз алушының құқықтары мен міндеттері

7.1. МҚҰ құқылы:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес микрокредиттер ұсыну;
- 2) Заңның 9-1 бабының 4 және 5 бөлімдерінде көрсетілген тұлғаға микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) беру;
- 3) Қарыз алушыдан (Өтініш берушіден) осы Ережелерде белгіленген шарт жасасу және ол бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажет болатын құжаттар мен мәліметтерді сұрату;
- 4) Қарыз алушының өтініші бойынша тауарларға, жұмыстарға немесе қызметтерге ақы төлеу мақсатында екінші деңгейдегі банктер арқылы микрокредитті үшінші тұлғаға аударуды жүзеге асыру.
- 5) Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге заңдарымен және Шартпен белгіленген өзге құқықтарды жүзеге асыру.

7.2. МҚҰ міндетті:

- 1) орналасқан жері өзгерген не атауы өзгерген жағдайда уәкілетті органға, сондай – ақ Қарыз алушыларды (Өтініш берушілерді) МҚҰ орналасқан жері бойынша, сондай – ақ Қарыз алушы (Өтініш беруші) - жеке тұлғаның заңды мекенжайы бойынша және Қарыз алушы (өтініш беруші) - заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша екі баспа басылымында қазақ және орыс тілдерінде тиісті ақпаратты жариялау арқылы не осындай өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмейтін мерзімде әрбір Қарыз алушыны (Өтініш берушіні) жазбаша түрде хабардар ету;
- 2) Ережелердің көшірмесін МҚҰ Қарыз алушысының (Өтініш берушінің) көруі және танысуы үшін қолжетімді жерде, оның ішінде МҚҰ интернет-ресурсында орналастырылсын;
- 3) Қарыз алушыға микрокредитті алу, қызмет көрсету және өтеуге (қайтару) байланысты төлемдер туралы толық та шындық ақпаратты ұсыну;
- 4) Өтініш берушіге микрокредит беру туралы шарт жасалғанға дейін танысу және микрокредитті өтеу әдісін таңдау үшін әр түрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын ұсыну. Қарыз алушыға міндетті түрде микроқаржы ұйымдары жеке тұлғаларға беретін микрокредиттер бойынша тұрақты төлемдерді есептеу әдістемесіне және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген осындай микрокредиттер бойынша сыйақыны есептеу үшін уақытша базаларға сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің жобалары микрокредит беру туралы шартта белгіленген кезеңділікпен мынадай өтеу әдістерімен ұсынылуға тиіс:
 - сараланған төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;
 - аннуитеттік төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқаларынан ерекше болуы мүмкін.Микроқаржы ұйымы микрокредиттер беру ережелеріне сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің қосымша жобаларын ұсынуы мүмкін.
- 4) Қарыз алушыны (Өтініш берушіні) оның микрокредит алуға байланысты құқықтары және міндеттерінен хабардар ету;
- 5) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес мәліметтерді хабарлауға;

б) микрокредит ұсыну құпиясын сақтау;

7) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша уәкілетті орган бекіткен ережелерге сәйкес берілген микрокредиттер бойынша активтер мен шартты міндеттемелерді жіктеуді жүзеге асыру және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру;

8) уәкілетті орган белгілеген пруденциалдық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, оларды есептеу әдістемесін сақтау;

9) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген микроқаржы ұйымы қарыз алушысының борыштық жүктемесі коэффициентінің есептеу тәртібін және шекті мәнін сақтау;

10) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тізбесі, нысандары, мерзімдері мен ұсыну тәртібі уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленетін қаржылық және өзге де есептілікті ұсыну;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасының уәкілетті органмен анықталған бұзушылықтары жойылсын;

12) Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында көзделген жағдайларда микрокредитті ұсынадан бас тарту;

13) Қазақстан Республикасының «Микроқаржы қызметі туралы» Заңмен белгіленген өзге де талаптарды сақтау.

7.3. МҚҰ үшін шектеулер келесілерге тыйым салуды көздейтін жағдайларды қамтиды:

1) сыйақы мөлшерлемесін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіпте өзгерту;

2) микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, Қарыз алушыдан кез келген төлемдерді белгілеу және өндіріп алу;

3) микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін МҚҰ микрокредит сомасын, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және өзге де төлемдерді мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған қарыз алушыдан талап ету;

4) кепілге алынған заттарды пайдалану және оларға әмірлік ету;

5) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес қарыз алушы - жеке тұлғаның микрокредиті бойынша негізгі борыштың және (немесе) сыйақының сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындау мерзімін қатарынан күнтізбелік тоқсан күн өткен соң тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) есептеуге және талап етуге. Осы бөлімнің талабы, егер оны жасасу күніне негізгі борыш сомасы тіркеуге жататын мүлік кепілімен және (немесе) ақша кепілімен толық қамтамасыз етілген жағдайда, микрокредит беру туралы шартқа қолданылмайды.

б) тұрғын үй және (немесе) онда орналасқан жер телімі болып табылатын жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген микрокредит бойынша негізгі борыштың және (немесе) сыйақының сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындаудың мерзімі тізбекті күнтізбелік бір жүз сексен күн өткен соң есептелген сыйақыны, сондай-ақ, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуге құқылы.

7) Заңның 4 бабының 3-1 бөлімдерінде көрсетілген микрокредитті кепілсіз банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша күнтізбелік алпыс күннен астам мерзімі өткен берешегі бар жеке тұлғаларға республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшеріне тең немесе одан асатын мөлшерде беру.

7.4. Қарыз алушы құқылы:

1) МҚҰ микрокредиттер беру бойынша Ережелерімен, тарифтарымен танысу;

2) микрокредитті алумен, қызмет көрсетумен және өтеумен (қайтарумен) байланысты төлемдер туралы толық және дұрыс ақпарат алу;

- 3) Шарт жасалғанға дейін Шарт жасаудан бас тарту;
- 4) алынған микрокредитке Шартпен белгіленген тәртіпте және жағдайларда әмірлік ету;
- 5) өз құқығын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қорғау;
- 6) Шарт бойынша берілген микрокредит сомасын МҚҰ мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтару;
- 7) Заңның 9-1 бабының 4 және 5 бөлімдерінде көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін өзі жасаған шарт бойынша құқықты (талап етуді) басқаға берген жағдайда банк омбудсманьына жүгінуге құқылы;
- 8) Заңмен және Шартпен белгіленген өзге құқықтарды жүзеге асыру.

7.5. Қарыз алушы міндетті:

- 1) алынған микрокредитті шартта белгіленген мерзімде және тәртіпшен қайтару және ол бойынша сыйақы төлеу;
- 2) Заңға және Шартқа сәйкес МҚҰ сұратылатын құжаттар мен мәліметтерді беру;
- 3) Заңмен және МҚҰ жасалған Шарттармен белгіленген өзге міндеттерді орындау.

8. Берешекті сотқа дейін өндіріп алуға және реттеуге беру немесе құқықты (талаптарды) басқаға беру тәртібі

8.1. Коллекторлық агенттікпен осындай шарт жасасу жағдайларын қоспағанда, МҚҰ үшінші тұлғалармен нысанасы берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ қарыз алушының берешегіне байланысты ақпарат жинау жөнінде қызметтер көрсету болып табылатын шарт (әрі қарай - берешекті өндіріп алу туралы шарт) жасасуға тыйым салынады.

Берешекті сотқа дейін өндіріп алуға және коллекторлық агенттікке реттеуге беруге қарыз алушы микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алуға жол берген кезде МҚҰ коллекторлық агенттікті тартуға құқығы шартта болған кезде жол беріледі.

8.2. МҚҰ берешегі тұрғын үй түріндегі кепілмен қамтамасыз етілген жеке тұлғаға қатысты коллекторлық агенттікпен берешекті өндіріп алу туралы шарт жасасуына жол берілмейді.

8.3. Берешек сотқа дейінгі өндіріп алуда және коллекторлық агенттікте реттеуде болған кезеңде МҚҰ құқығы жоқ:

- сотқа берешекті өндіру туралы талап арызбен жүгінуге;
- берешек коллекторлық агенттікте жұмыста болған кезең үшін сыйақы төлеуді талап етуге, сондай-ақ, негізгі борышты және сыйақыны уақытылы өтемегені үшін көрсетілген кезеңге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімақыны) есепке жатқызуға құқылы емес.

8.4. Жарғылық капиталдарындағы қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі ұйымдарға құқықты (талап етуді) беруді қоспағанда, келесі талаптардың бірі сақталған кезде МҚҰ жеке тұлғамен жасалған және тұрғын үй түрінде кепілмен қамтамасыз етілген микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талап етуді) басқаға беруді жүргізуге тыйым салынады:

- құқықтарды (талаптарды) сатып алу осындай ұйымның Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген қызмет түрлерінің бірі болып табылады;
- құқықтарды (талаптарды) сатып алу Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар немесе Мемлекеттік органдардың жеке тұлғаларды қолдау жөніндегі құқықтық актілері аясында жүзеге асырылады.

8.5. МҚҰ келесі тұлғаларға құқық (талап) беруді қоспағанда, үшінші тұлғаға микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап) беруді жүргізуге тыйым салынады:

- екінші деңгейдегі банкке;
- коллекторлық агенттікке;
- микроқаржы ұйымына;
- секьюритилендіру мәмілесі кезінде Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниясы;

- МҚҰ қамтамасыз етілген облигацияларды шығару немесе қарыздарды алу кезінде шарт бойынша талап ету құқықтарын кепіл ұстаушы - заңды тұлғаға;
- жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорына – микроқаржы ұйымдарында қаражатты шартты орналастыру арқылы жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру жөніндегі мәміле аясында жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша.
Осы бөлімнің талаптары осы Ережелердің 8.4 бөлімімен көзделген жағдайларға таратылмайды.

8.6. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе Шартта өзгеше жағдай көзделмесе, МҚҰ шарт бойынша құқықты (талапты) Қарыз алушының келісімінсіз беруге құқылы емес.

8.7. Бір Қарыз алушыға қатысты шарт бойынша құқықты (талап етуді) бірнеше тұлғаға беруге жол берілмейді.

8.8. Шарт (әрі қарай - талап ету құқығын басқаға беру шарты) бойынша МҚҰ құқығының (талап ету) үшінші тұлғаға өту талаптары қамтылған жасасу кезінде МҚҰ міндетті:

1) талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерінің өңделетіні туралы шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен хабардар ету;

2) Қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен үшінші тұлғаға құқықтың (талап етудің) өтіп кеткені туралы үшінші тұлғаға микрокредитті өтеу бойынша одан әрі төлемдердің тағайындалуын (микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаның атауы және орналасқан жері), берілген құқықтардың (талап ету талаптарының) толық көлемін көрсете отырып, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдықтары және төленуге жататын басқа да сомалар туралы хабардар ету;

3) Шарт бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаға келесі құжаттардың түпнұсқаларын және (немесе) көшірмелерін беру:

- кепіл затына құқық белгілейтін құжаттар (микрокредит кепілмен қамтамасыз етілген жағдайда);

- кепілгерлік немесе кепілдік шарттары (егер микрокредит бойынша міндеттемелерді орындау кепілгерлікпен немесе кепілдікпен қамтамасыз етілген жағдайда);

- Қарыз алушының құқықты (талап етуді) беру күніне берешегінің есептеулері;

- қарыз алушымен наразылық хат алмасу;

- қарыз алушы – заңды тұлғаның құрылтай құжаттары, қарыз алушы – жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат;

- қарыз алушымен берешекті өтегенін растайтын құжаттар;

- кепілге алынған мүлікті сату бойынша құжаттар;

- талап ету құқығын басқаға беру шартына сәйкес өзге де құжаттар.

Қарыз алушыға барлық құқықтарды (талаптарды) басқаға берген жағдайда, МҚҰ шарт бойынша құқық (талап ету) берілген тұлғаға өзінде бар құжаттардың барлық түпнұсқаларын береді.

Қарыз алушыға құқықтардың (талаптардың) бір бөлігі берілген жағдайда, МҚҰ осындай құқықтарды (талаптарды) куәландыратын құжаттардың түпнұсқаларын сақтауға және шарт бойынша құқық (талап ету) ішінара берілген тұлғаға көрсетілген құжаттардың нәтижелерін түрде куәландырылған көшірмелерін беруге құқылы.

Шарт бойынша қамтамасыз ету болып табылатын мүлікке құқық белгілейтін құжаттардың түпнұсқаларын жоғалтқаны үшін МҚҰ Шарт бойынша құқық (талап ету) берілген тұлға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікті атқарады;

4) талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғаннан кейін қарыз алушылардан берешекті өтеу есебіне алынған ақшаны шарт бойынша құқық (талап ету) берілген тұлғаның банк шотына әрбір қарыз алушы бойынша бөліп көрсетілген төлемдердің толық жазбасын ұсына отырып аударым жасау.

8.9. Сатып алынған құқықты (талапты) бастапқы кредиторға кері сатуды (қайтаруды), құқықты (талапты) екінші деңгейдегі банктерге, коллекторлық агенттіктерге, секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниясына бақаға беруді (қайта беруді) қоспағанда, жеке тұлғамен жасалған шарт бойынша МҚҰ құқығы (талабы) өткен тұлғаға осындай құқықты (талапты) өзге тұлғаларға, сондай-ақ өзге де микроқаржы ұйымдарына қайта беруге тыйым салынады.

9. Микрокредит беру құпиясы

9.1. Микрокредит беру құпиясы қарыз алушылар, микрокредиттердің мөлшері туралы, Қарыз алушыға қатысты микрокредит беру туралы шарттың өзге де талаптары туралы және микроқаржы ұйымының операциялары туралы мәліметтерді (микрокредиттер беру ережелерін қоспағанда) қамтиды.

Тарату процесіндегі МҚҰ микрокредиттер беру туралы жасалған шарттар туралы мәліметтер микрокредит беру құпиясына жатпайды.

9.2. МҚҰ микрокредит беру құпиясына кепілдік береді.

9.3. Микрокредит беру құпиясы қарыз алушының микроқаржы ұйымында, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген микрокредиттер бойынша кредиттік бюрода өзінің жеке қатысуы кезінде берген жазбаша келісімі негізінде қарыз алушыға, кез келген үшінші тұлғаға, сондай-ақ осы Заңда көрсетілген өзге де тұлғаларға ғана ашылуы мүмкін.

9.4. Қарыз алушылар, микрокредиттердің көлемдері туралы, Қарыз алушыға қатысты микрокредит беру туралы шарттың өзге де талаптары туралы, микроқаржы ұйымы жүргізетін операциялар туралы мәліметтер келесілерге беріледі:

- 1) қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға: мөрмен расталған және прокурор санкциялаған жазбаша сұраныс негізінде олардың өндірісіндегі қылмыстық істер бойынша;
 - 2) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары мен Мемлекеттік күзет қызметіне прокурордың санкциясымен барлау және (немесе) нұқсан келтіру акцияларының алдын алу, оларды ашу және олардың жолын кесу үшін қажетті ақпарат беру туралы талап етуі бойынша;
 - 2) соттарға: соттың ұйғарымы. Қаулысы, шешімі және үкімі негізінде олардың іс жүргізуіндегі істер бойынша;
 - 3) мемлекеттік және жеке сот орындаушыларына: прокурор санкциялаған, әділет органдарының мөрімен немесе жеке сот орындаушысының мөрімен расталған сот орындаушысының қаулысы негізінде олардың өндірісіндегі атқарушылық іс жүргізу істері бойынша;
 - 4) прокурорға: оның қарастыруындағы материал бойынша өз құзыреті шегінде тексеру жүргізу туралы қаулы негізінде;
 - 5) Мемлекеттік кіріс органдарына тек қана салықтық әкімшілендіру мақсатында: тексерілетін тұлғаға салық салуға байланысты мәселелер бойынша, нұсқама негізінде;
 - 6) қарыз алушының өкілдеріне: сенімхат негізінде, жеке тұлға болып табылатын қарыз алушы бойынша, нотариалды түрде куәландырылған сенімхат негізінде;
 - 7) оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органға: банкроттық және (немесе) оңалту туралы іс қозғалғанға дейін бес жыл кезең ішінде прокурордың санкциясымен банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар адамға қатысты.
- 9.5. Қарыз алушы қайтыс болған жағдайда, осы бөлімнің 4 бөлімінде көзделген тұлғалардан басқа, қарыз алушы, микрокредит мөлшері туралы, Қарыз алушыға қатысты микрокредит беру туралы шарттың өзге де талаптары туралы мәліметтер де жазбаша сұрау салу негізінде беріледі:
- 1) қарыз алушы өсиетінде көрсеткен тұлғаларға;

2) нотариустарға: нотариустың мөрімен куәландырылған жазбаша сұранысы негізінде олардың өндірісіндегі мұрагерлік істер бойынша.

Нотариустың жазбаша сұранысына қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі қоса тіркелуі тиіс;

3) шетелдік консулдық мекемелерге: олардың өндірісіндегі мұрагерлік істер бойынша.

9.6. Микрокредит беру құпиясын ашу болып келесілер танылмайды:

1) МҚҰ кредиттік бюроларға теріс ақпарат беру және кредиттік бюроға күнтізбелік бір жүз сексен күннан астам мерзімі өткен берешек бөлігінде кредиттік тарих субъектісі туралы теріс ақпарат беру;

2) Заңның 9-1 бабының 4 және 5 бөлімінде көрсетілген тұлғаларға негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар микрокредитке байланысты ақпаратты МҚҰ беру;

3) МҚҰ коллекторлық агенттікке осы коллекторлық агенттікпен берешекті өндіріп алу туралы жасалған шартаясында микрокредит бойынша ақпарат беруі;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен уәкілетті орган арасында ақпарат, оның ішінде микрокредит беру құпиясын құрайтын мәліметтер алмасу;

5) мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе МҚҰ басқару функцияларын орындайтын адамның қылмыстық қудалау органына қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарлама жіберілген кезде растайтын құжаттар мен материалдар ретінде микрокредит беру құпиясын қамтитын құжаттар мен мәліметтерді ұсыну.

10. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу ережелері

10.1. Микрокредит бойынша дұрыс, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі (әрі қарай - СЖТМ) болып табылады.

10.2. Микрокредит бойынша жылдық, тиімді сыйақы мөлшерлемесінің көлемі ҚР Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген шекті мөлшерден аспауы тиіс.

10.3. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі келесі формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{t_j/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{t_i/365}}$$

мұндағы:

n – қарыз алушыға төленген соңғы төлемнің реттік саны;

j – қарыз алушыға төленген төлемнің реттік нөмірі;

S_j – қарыз алушыға j-той төлем сомасы;

APR - жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;

t_j – микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушыға j-той төлем сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен берілген);

m – қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;

i – қарыз алушының төлемінің реттік нөмірі;

P_i – қарыз алушының i-ші төлемінің сомасы;

t_i – микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушының i-ші төлем сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен берілген).

10.4. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу келесідей жүргізіледі:

1) микрокредит беру туралы шартты, микрокредит беру туралы шартқа қосымша келісімдерді жасасу күніне;

2) қарыз алушының ауызша немесе жазбаша талабы бойынша;

3) микрокредит беру туралы шартқа қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкеп соғатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда.

10.5. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын микрокредит беру туралы шарттың талаптары өзгерген кезде жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің нақтыланған мәнін есептеу микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімі басталғаннан бастап қарыз алушы жүргізген микрокредит бойынша төлемдерді есепке алмағанда, талаптар өзгертін күнге берешектің қалдығы, микрокредитті өтеудің қалған мерзімі негізге ала отырып, жүргізіледі.

10.6. Егер сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу кезінде алынған санның оннан астам белгісі болса, ол келесі түрде оныншы үлестерге дейін дөңгелектеуге жатады:

- 1) егер жүзден бір бөлігі 5-тен үлкен немесе оған тең болса, оннан бір бөлігі 1-ге артады, одан кейінгі барлық белгілер алынып тасталады;
- 2) егер жүзінші үлес 5-тен аз болса, оныншы үлес өзгеріссіз қалады, одан кейінгі барлық белгілер алынып тасталады.

10.7. Микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің есебіне қарыз алушының негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу бойынша микрокредит беру туралы шарттың талаптарын сақтамауына байланысты туындаған төлемдерін (өсімпұлды, айышпұлды) қоспағанда, Қарыз алушының барлық төлемдері енгізіледі.

10.8. Қарыз алушылардың микроқаржы ұйымдарына жүргізген төлемдері және микроқаржы ұйымдарының қарыз алушыларға төлемдері олардың нақты төлем жасалған күніне жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу мақсатында, болашақта – төлемдер кестесі бойынша ескеріледі.

10.9. Микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру кезінде осы Ережелердің 10.4. бөлімінің 2) және 3) тармақтарында көзделген жағдайларда жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген үшінші тұлғамен жүргізіледі.

11. Қорытынды ережелер

11.1. Ереже қарыз алушының (өтініш берушінің) МҚҰ танысуы және көруі үшін қолжетімді жерде, сондай-ақ, МҚҰ интернет-сайтында орналастырылады.

11.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар «Кредит Time» Микрорқаржы ұйымы» ЖШС уәкілетті органымен енгізіледі.

11.3. Егер осы Ереженің жекелеген нормалары Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келген жағдайда, олар күшін жояды және Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті нормалары қолданылатын болады. Осы Ережелердің жекелеген нормаларының жарамсыздығы Ережелердің өзге нормаларының және тұтастай алғанда Ережелердің өздерінің жарамсыздығына әкеп соқпайды.

*«Кредит Тіме» Микроқаржы ұйымы» ЖШС
микрокредиттерді беру Ережелеріне
№1 Қосымша*

Микрокредитті өтеудің қосымша әдісін есептеудің мысалы

№	Күні	Күндер саны	Қарыз қалдығы	Негізгі қарыздың өтеу сомасы	Сыйақының өтеу сомасы	Барлық өтелуге тиісті
0	01.03.2020	0	10 000 000			
1	01.04.2020	31	10 000 000		365 205	365 205
2	01.05.2020	30	10 000 000		353 425	353 425
3	01.06.2020	31	10 000 000		365 205	365 205
4	01.07.2020	30	10 000 000		353 425	353 425
5	01.08.2020	31	10 000 000		365 205	365 205
6	01.09.2020	31	10 000 000		365 205	365 205
7	01.10.2020	30	10 000 000		353 425	353 425
8	01.11.2020	31	10 000 000		365 205	365 205
9	01.12.2020	30	10 000 000		353 425	353 425
10	01.01.2021	31	10 000 000		365 205	365 205
11	01.02.2021	31	10 000 000		365 205	365 205
12	01.03.2021	28	0	10 000 000	329 863	10 329 863
		365		10 000 000	4 299 998	14 299 998



Пропитон пронуменовано на 19
(девятнадцать) листах

ПРОТОКОЛ № 10
общего собрания участников Товарищества с ограниченной ответственностью
«Микрофинансовая организация «Кредит Time» (далее – Товарищество)
от 14 января 2021 года

Место проведения общего собрания: Республика Казахстан, Актюбинская обл., г.Актобе, р-н Астана, ул. Г. Жубановой, здание 15Д.

Дата проведения: «14» января 2021 года.

Время проведения общего собрания: начало - 11 часов 00 минут, окончание – 11 часов 30 минут.

Общее собрание Товарищества с ограниченной ответственностью ТОО «Микрофинансовая организация «Кредит Time» (далее - Товарищество) открыл генеральный директор Айтжанов Султан Едилгалиевич и сообщил, что внеочередное общее собрание участников Товарищества (далее – общее собрание) собрано по инициативе исполнительного органа Товарищества и правомочно начать работу, так как на общем собрании зарегистрировались и присутствуют все участники Товарищества:

- 1) Гражданин РК Артыков Батыр Амирович (23.06.1972 года рождения, ИИН 720623301977, уроженец Актюбинской области), *доля которого в уставном капитале Товарищества – 70 %*,
- 2) Гражданин РК Айтжанов Султан Едилгалиевич (28.11.1992 года рождения, ИИН 921128301336, уроженец Актюбинской области), *доля которого в уставном капитале Товарищества – 15 %*,
- 3) Гражданин РК Жангельдин Ергали Болатович (09.07.1994 года рождения, ИИН 940709350640, уроженец Актюбинской области), *доля которого в уставном капитале Товарищества – 15 %*,

которые были письменно уведомлены о дате, времени, месте проведения общего собрания, а также вопросах, вынесенных на повестку дня за 30 (Тридцать) дней до даты проведения общего собрания, указанной выше.

В связи с чем, общее собрание констатирует свою правомочность при принятии решений по вопросам повестки дня общего собрания, условия кворума соблюдены.

Голосование по вопросу об избрании Председателя и секретаря общего собрания, определено проводить по принципу: каждый участник общего собрания имеет один голос.

По вопросам повестки дня голосование проводится по принципу: число голосов участника общего собрания соответствует его доле в уставном капитале Товарищества.

Для ведения общего собрания Генеральный директор Товарищества предложил выбрать Председателем общего собрания Жангельдина Ергали Болатовича, Айтжанова Султана Едилгалиевича – Секретарем собрания.

Г-н Айтжанов С.Е. «Прошу голосовать за утверждение предложенных кандидатур».

Итоги голосования: «за» - единогласно; «против» и «воздержался» - нет.

РЕШИЛИ:

Избрать г-на Жангельдина Ергали Болатовича - Председателем общего собрания, г-на Айтжанова Султана Едилгалиевича - секретарем общего собрания.

Председатель общего собрания объявил о наличии кворума для решения вопросов повестки дня, предложил проводить голосование по вопросам повестки дня открытым способом и считать собрание правомочным в связи с регистрацией всех участников товарищества, состав которых не претерпел изменений.

Председатель общего собрания ознакомил присутствующих участников с повесткой дня:

ПОВЕСТКА ДНЯ:

1. Внесение изменений в Правила предоставления микрокредитов Товарищества с ограниченной ответственностью "Микрофинансовая организация "Кредит Time", утвержденные протоколом общего собрания участников №2 от 02.07.2020 года, и утверждение их в новой редакции, изложенной в Приложении №1 к протоколу настоящего общего собрания участников Товарищества, являющемся неотъемлемой частью протокола.

Председатель общего собрания сообщил, что все участники извещены о вопросах, включенных в повестку дня, и от участников Товарищества не поступали предложения или требования о внесении изменений и дополнений в первоначальную повестку дня общего собрания.

Председатель предложил утвердить повестку дня. Перед голосованием общее собрание участников констатирует наличие кворума. Проголосовали единогласно. В голосовании принимало участие 100% голосов присутствующих на собрании.

Постановили: утвердить повестку дня.

Председатель собрания предложил до начала обсуждения вопросов повестки дня, констатировать наличие кворума.

Общее собрание, в лице всех его участников, констатировало наличие кворума.

ХОД ОБЩЕГО СОБРАНИЯ:

1. По первому вопросу повестки дня выступил председатель общего собрания, который предложил внести изменения в Правила предоставления микрокредитов Товарищества с ограниченной ответственностью "Микрофинансовая организация "Кредит Time", утвержденные протоколом общего собрания участников №2 от 02.07.2020 года, и утвердить их в новой редакции, изложенной в Приложении №1 к протоколу настоящего общего собрания участников Товарищества, являющемся неотъемлемой частью протокола.

Перед голосованием по первому вопросу повестки дня, общее собрание участников констатирует наличие кворума.

Итоги голосования: «за» - единогласно; «против» и «воздержался» - нет.

РЕШИЛИ: Внести изменения в Правила предоставления микрокредитов Товарищества с ограниченной ответственностью "Микрофинансовая организация "Кредит Time", утвержденные протоколом общего собрания участников №2 от 02.07.2020 года, и утвердить их в новой редакции, изложенной в Приложении №1 к протоколу настоящего общего собрания участников Товарищества, являющемся неотъемлемой частью протокола.

В связи с тем, что повестка дня исчерпана, Председатель общего собрания предложил закрыть общее собрание. Предложение вынесено на голосование. Перед голосованием общее собрание участников констатирует наличие кворума. Итоги голосования: «за» - единогласно; «против» и «воздержался» - нет. В голосовании принимало участие 100 % голосов присутствующих на собрании.

РЕШИЛИ: общее собрание участников Товарищества считать закрытым.

Председатель общего собрания

Жангельдин Ергали Болатович

Секретарь Собрания

М.П.

Айтжанов Султан Едилгалиевич

Участники:

Артыков Батыр Амирович

Айтжанов Султан Едилгалиевич

Жангельдин Ергали Болатович



Handwritten signatures in blue ink on horizontal lines corresponding to the names listed on the left.